

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 20 қыркүйектегі  
№ 469 бұйрығына 3-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 443-қосымша

Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған  
негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін «Қазақ әдебиеті»  
пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы  
(оқыту қазақ тілінде)

#### 1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты – әдеби шығармаларды қабылдау және саралау арқылы адамның рухани құндылықтарының қалыптасуына ықпал жасау, білімдерін, қабілеттерін, дағдыларын жекелік таңдау негізінде әлем мен өзін-өзі тануға қолдана алатын білікті оқырман тәрбиелеу.

3. Оқытудың міндеттері:

1) қазақ, орыс және әлем әдебиеті мен мәдениеті негізінде әлеуметтік тұрғыда табысты бейімделуіне ықпал жасайтын білімдерді, қабілеттерді, дағдыларды қалыптастыру;

2) білім алушылар көркем әдебиет шығармаларының авторлық түпкі ойын терең түсінулері үшін, әдебиеттанушылық түсініктердің меңгерілуіне ықпал жасау;

3) шығармаларды саралау негізінде сындық саралау, теңеу, қорыту, ұқсастық пен себептік-нәтижелік байланысты анықтау, құбылыстарды жіктеу, логикалық және сыни пайымдамалар мен пікірлерді құру дағдыларын қалыптастыру;

4) түрлі жанрдағы әдеби шығармаларды терең түсіну мен саралау негізінде коммуникативтік дағдыларды дамыту.

4. Бағдарламаның мазмұны заттық нәтижелерге қол жеткізуден басқа, түзеу міндеттерін жүзеге асыру бойынша жүйелік жұмыстарды қарастырады:

есту, есту-көру қабылдауын дамыту; бейтарап және белсенді сөздігін өсіру; сөйлеуінде вербализмді болдырмау, тілдің семантикалық жағымен жұмыс; тілдің грамматикалық және фонетикалық құрылымының бұзылымдарын түзеу; дислексияны, дисграфияны және дизорфографияны болдырмау және жеңу.

## 2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Тілді оқыту, оқытудың түзеу-дамытушылық және әлеуметтік-бейімдеушілік бағыты қағидаларының негізінде және жіктемелік, әрекеттік, коммуникативтік, құндылықты-бағдарлаушылық, дифференциалдық тәсілдер мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану негізінде жүзеге асырылады.

6. Оқытудың түзеу-дамытушылық бағыты, оның ерекше білімдік қажеттіліктері ескеріле отырып, оқу ісінің арнайы тәсілдері және әдістері арқылы жүзеге асырылады.

7. Әлеуметтік-бейімдеушілік бағыты тұлғаның әлеуметтік бейімделмеушілігін жеңу немесе азайтуды қарастырады. Білім алушылардың әлеуметтік өмірге қатысулары үшін қажетті тәртіп пен өмірлік нормаларының меңгерілуі бойынша арнайы жұмыстар қарастырылады.

8. Әрекеттік тәсіл қағидасы: оқыту барысында педагогтың басшылығымен заттық-практикалық, ізденушілік әрекеттер кең қолданылады, бұл оқу материалын түсінуге жағдайлар жасайды; заттық-практикалық әрекет жоғарғы психикалық функцияларының сенсомоторлық негізін дамытуға (қабылдауы, тілі, ойлау қабілеті), білім алушылардың өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігінің орнын толықтыруға, жалпыбілімдік пәндер бойынша білімдер мен дағдыларды меңгерулеріне мүмкіндік береді.

9. Коммуникативтік тәсіл – ақпаратты беру және хабарлау, тілдік қатынас барысында білімдерімен, қабілеттерімен және дағдыларымен алмасу; тіл арқылы қатынас жасау қабілеттілігі оқыту нәтижесі болып табылады.

10. Оқытудың практикалық бағыты білім алушылардың оқыған материалы мен практикалық іс-әрекеті арасындағы тығыз байланысты, практикалық-бағдарлық міндеттерді шешуде бірінші кезекті мағынасы бар, білімдері мен қабілеттерінің қалыптасуын болжайды.

11. Білім алушыларға қарасты жіктемелік және жекелік тәсіл, олардың Бағдарлама мазмұнын меңгерудегі бірдей емес мүмкіндіктерін көрсететін ерекше білімдік қажеттіліктерінің ескерілуін, оқу материалын меңгеру барысында көрініс алатын және алған білімдерінің, дағдыларының, қабілеттерінің сапасына әсер ететін, вариативті типологиялық ерекшеліктерінің болуын болжайды. Әрбір типологиялық топ үшін педагог олардың мүмкіндіктеріне сәйкес, қолжетімді күрделілік пен көлемін ескере отырып, оқу материалының мазмұнын таңдап алады; оқу жұмысының қарқыны, білім алушылардың дербестігі, оқыту тәсілдері мен әдістері түрлендіріледі. Білім

алушылардың топтарға бөлінуі шартты және қозғалмалы. Жіктемелі тәсіл оқытудың жекеленуімен толықтырылады.

12. Ақпараттық-коммуникативтік біліктілігін қалыптастыру мақсатында білім алушылар түрлі дереккөздік ақпараты бар әр-түрлі жұмыстарға қамтылады, соның ішінде инновациялық коммуникациялық технологияларға (оқытын машиналар, сөздіктер, анықтамалар, бұқаралық ақпарат құралдары, ғаламтор, компьютер).

13. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірінің түрлі аспектілерін қамтитын, түрлі үлгідегі және жанрдағы мәтіндерді қолданылады, бұл білім алушылардың орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық сауаттылық деңгейін, сондай-ақ тілдік мәдениет деңгейін көтеруге, саралау дағдыларын жаттықтыруға және тілдің түрлі жанрдағы, стилдегі байланысты сөйлемдерді меңгерулеріне мүмкіндік береді.

14. Мәтіндік материалды таңдау барысында этномәдени компонентін ескере отырып, білім мазмұнының тәрбиелік компонентін күшейту қарастырылады (қазақ әдебиетінің, орыс әдебиетінің ұлттық-мәдени ерекшеліктері жөнінде, біздің еліміздің аумағында тұратын басқа халықтар мәдениеті жөнінде мәліметтер).

15. Мәтіндер мазмұны білім алушылардың рухани-адамгершіліктік қасиеттері мен қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға және өмірде жалпыұлттық «Мәңгілік Ел» идеясын іске асыруға, этникааралық және мәдениаралық коммуникация жағдайында төзімділік пен қатынасты дамытуға бағытталады.

16. Сабақтарды ұйымдастыру және өткізу барысында педагог бірқатар ерекше және жалпы әдістемелік талаптарға сүйенеді:

1) үздіксіз түзеу және дефицитарлық функцияларын дамыту (сенсорлық, моторлық, психикалық);

2) кеңістіктік ұғымдарды, коммуникативтік әрекеттерді, сезіну мен ұсақ моториканы, есту, көру және тактильдік қабылдауды дамыту;

3) меңгерген компенсаторлық тәсілдерін, қабілеттері мен дағдыларын, қалпына келтірілген және түзетілген функцияларын түрлі оқу процесі барысында, сабақта және сабақтан тыс кезде, айналасындағылармен қатынас жасау кезінде белсенді түрде қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету;

4) әлеуметтік құзіретін белсендету және өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын, танымдық белсенділік пен танымдық қызығушылығын, тұлғаның эмоциялық-еріктік саласы мен оң қасиеттерін дамыту.

17. Білім алушылардың психофизикалық бұзылымдарын түзеу мақсатында қолданылатын әдістер мен тәсілдер:

1) лингвистикалық шолу әдісі: алғашқылық, синхрондық, кейінгілік, толық және таңдамалы;

2) кроссвордтарды табу, ребустарды, шарадаларды шешу;

3) тірек сызбалар, кестелер;

4) мәтінді редакциялау;

5) анықтама-дәптерін дайындау және қолдану (әдебиеттік теминдер мен ұғымдар);

6) шешендік іскерлік;

7) мен білемін;

8) автор;

9) ақпаратты шығару

10) ең қызықты фактілер;

11) жазушыға, ақынға сұрақтар;

12) «... сұхбат алу»;

13) дайын мәтіннің тақырыптық торын құрастыру тәсілі және тақырыпты құру барысындағы есептеулер тәсілі;

14) болашақ тақырыптың микротақырыптарын ашу сызбасын құрастыру тәсілі және оны дайын мәтіннен есептеп шығару тәсілі;

15) тәсілдерді қолдана отырғандағы тіл шығармашылығы: «Еркін ассоциациялар тәсілі» (суреттердің деректері бойынша), «Не болар еді, егер ...» (білім алушы өзіне осындай сұрақ қойып жауап беруге тырысады), «Әңгімені жалғастыр»;

16) «мағыналық бірліктер» тәсілі мағыналық жады мен логикалық ойлау қабілетін дамытуға арналады. Тәсілдер: мәтіннің сараптамасы немесе шағын-баяндау, мұнда білім алушы дәйекті түрде екі сұраққа жауап береді: «Бұл мәтінде кім (немесе не) туралы айтылады?» және «Бұл жөнінде не айтылады (хабарланады)?». Қолданылатын мини-баяндаулар көлемі үлкен мәтінге қарасты қорқынышын жеңіп, эмоциялық-еріктік саласының қалыптасуына көмектеседі. Жеке тәжірибесін қолдану: жанұядағы туыстық байланыстардың аналогиясы бойынша мәтін немесе сөйлем ішіндегі туыстық байланыстарды анықтау.

18. Оқи білу дағдысын дамыту бойынша тапсырмалар мысалдары:

1) сөздермен ойындар (анаграммалар, палиндромалар, сөздің ішіндегі сөзді табу);

2) мәтіннің басы немесе атауы бойынша оқиғаның дамуын болжау;

3) әңгіменің жоспар-картасын құру.

19. Қазақ әдебиетін оқыту барысында ақпарат көзі ретінде мәтінмен жұмыс күшейтіледі, оны тез оқуын дамытуға, басты немесе екінші кезектегі, ашық немесе жасырынды, мәтіндік немесе мәтіннен тыс ақпаратты бөліп шығару қабілетін дамытуға бағыттау, ақпаратты ықшамды көрсетіп, көпшілік алдында сөйлеуге, өз ой-пікірін айтуға, оларды ауызша (пікірталас, жарыссөз, баяндама) және жазбаша (эссе) түрде жеткізе білуге үйрету қарастырылады.

20. Әдебиет бойынша оқу процесін сыншылдық ойды дамытуға бағыттап ұйымдастыру, оқу субъекттерінің тең құқылы қарым-қатынастарын, араларында әңгімелесу қатынасты, пікірталас барысында өз пікірлерін айта білуін, басқалар пікірін тыңдауын, түсінуін және қабылдауын, өз позициясын қорғауда дәлелдер жүйесін келтіре білуін, түрлі позицияларды салыстыра білуін тудырады.

21. Әдеби көздерін зертелеу барысында сыншылдық ойды дамыту, бірінші кезекте, мәтінмен жұмыс істеумен байланысты; мұнда мәтіннің сипатына қарай оқу процесі тәсілдерін үйрету түрлері(ақпараттық немесе әдеби мәтін) және жұмыс тәсілдері (дайын мәтінді оқу емесе жазбаша мәтін құру) бойынша біріктіреді.

22. Оқырмандық қабілетін дамытуға үлкен мән беріледі: ашық түрде берілген ақпаратты табу; қорытындыларды тұжырымдау; ақпаратты түсіндіру және қорыту; мәтіннің мазмұнын, тілдік ерекшеліктерін және құрылымын саралау.

23. Әдебиетті оқыту барысында техникалық құрылғылар (аппаратура) және дидактикалық құралдар (ақпарат тасушы) белсенді түрде қолданылады, оның ішінде:

1) фронталды оқу ісін қамтамасыз етуге арналған стационарлық дыбыс ұлғайтқыш жабдық (әр сыныпқа);

2) мультимедиялық компьютерлік сынып;

3) жекелік есту аппараттары; сөйлеу экраны;

4) интерактивтік панелі және үшөлшемді аксессуарлары бар «Мультимедиялық интерактивтік оқытатын бағдарламалық-әдістемелік кешен» электрондық ресурсы - теориялық материал мен практикалық білімдердің меңгерілу тиімділігін жоғарылату үшін;

5) дыбыстық сигналады визуалдайтын «Логопедиялық тренажер» - арнайы тыныс алу және дауыс жаттығуларын өткізу барысында, әсіресе тұтықпасы мен дизартриясы бар балалармен жұмыс істегенде;

6) тілдік коммуникацияны меңгеру және дамытуға арналған тілідік тренажер ассистивтік құрылғысы - қажетті мөлшерде жалпақ сөйлемдік тілді меңгермеген білім алушылар үшін, сонымен бірге білім алушылардың тілдік шектелуі кезеңінде.

### 3-тарау. «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

24. «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты;

2) 6-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты;

3) 7-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты;

4) 8-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;

5) 9-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;

6) 10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты құрайды.

25. «Қазақ әдебиеті» пәндік білімнің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) 1-бөлім «Түсіну және жауап беру»;

2) 2-бөлім «Анализ және интерпретация»;

3) 3- бөлім «Бағалау және салыстырмалы анализ».

26. «Түсіну және жауап беру» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) көркем шығарма мазмұны мен пішіні;
- 2) әдеби шығарманың тұжырымдамасы;
- 3) көркем шығармадағы образ;
- 4) шығарма үзінділерімен жұмыс.

27. «Анализ және интерпретация» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) әдеби шығарманың композициясы;
- 2) автор бейнесі;
- 3) көркем шығарманың тілі;
- 4) шығармашылық жұмыс.

28. «Бағалау және салыстыру» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) шығармалардың тарихи және көркемдік құндылығы;
- 2) туындылардың заманауилығы мен жаңашылдығы;
- 3) әдеби эссе;
- 4) әдеби сын.

29. 5-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық мазмұны:

1) түсіну және жауап беру: жеке есту аппараты және стационарлы дыбысты күшейтетін құрылғының көмегі арқылы әдеби шығарманың фабуласы мен сюжеттік дамуы; кейіпкерлер портреті мен образы; шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту; әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясы;

2) анализ және интерпретация: салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу; шығармадағы тілдік бейнелеу (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы); эпикалық шығармадағы автор бейнесі; көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу;

3) бағалау және салыстыру: шығарманың тарихи құндылығын бағалау; кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау; әдеби эссе; сыни хабарлама жазу.

30. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

- 1) «Керкұла атты Кендебай» ертегісі;
- 2) «Қобыланды батыр» жыры;
- 3) Асан қайғы «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы;
- 4) Дулат Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңі;
- 5) Ыбырай Алтынсарин «Қыпшақ Сейітқұл»;
- 6) «Атымтай Жомарт»;
- 7) «Дүние қалай етсең табылады?» әңгімелері;
- 8) Ахмет Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалы;
- 9) «Адамдық диқаншысы» өлеңі;
- 10) Бердібек Соқпақбаев «Менің атым – Қожа» хикаяты;
- 11) Марат Қабанбай «Бауыр» әңгімесі;
- 12) Тынымбай Нұрмағамбетов «Анасын сағынған бала» әңгімесі.

31. 6-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық мазмұны:

1) түсіну және жауап беру: жеке есту аппараты және стационарлы дыбысты күшейтетін құрылғының көмегі арқылы әдеби шығарманың жанры,

фабуласы мен сюжетін анықтау; шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселе мен идеясы; кейіпкерлердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау; көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту;

2) анализ және интерпретация: шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау; әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып, шығармадағы табиғат көрінісі, оқиға орны мен кейіпкер бейнесін сипаттап жазу; шығармадағы көркем ауыстырулар: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау;

3) бағалау және салыстыру: кейіпкерлерді өзара салыстыру, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру; кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру; әдеби эссе жазу; сыни хабарлама жасау.

32. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

- 1) Нұрдәулет Ақыш «Нағыз әже қайда?» әңгімесі;
- 2) «Аяз би» ертегісі;
- 3) «Алып Ер Тұңға» жыры;
- 4) Әл Фараби «Қашықтасың туған жер»;
- 5) «Тіршілікте құрыштай бол төзімді» өлеңдері;
- 6) Доспамбет жырау «Қоғалы көлдер, қом сулар»;
- 7) «Айналайын, Ақ Жайық» толғаулары;
- 8) Абай Құнанбайұлы «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»;
- 9) «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдері;
- 10) қара сөздері: «Бірінші сөз»;
- 11) «Жетінші сөз»;
- 12) «Отыз бірінші сөз».

33. 7-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық мазмұны:

1) түсіну және жауап беру: жеке есту аппараты және стационарлы дыбыс күшейткіш көмегі арқылы әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау; әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты талдау; кейіпкерлердің типтерін анықтау; көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін, үзінділерді жатқа айту;

2) анализ және интерпретация: шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салыстыру; поэзиялық және драмалық шығармадағы автор берген бейнені сипаттау; шығармадағы көркемдегіш құралдар: символ, эпифора, риторикалық сұрақ қолданысы; шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарастарын мұғалімнің көмегімен дамытып жазу;

3) бағалау және салыстыру: кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемесі, тарихи және көркемдік құндылығын; әдеби жанр түрлерінің даму барысы мен жаңашылдығы; шығарманың ұлттық құндылығын жазу және сипаттау.

34. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

- 1) Джек Лондон «Мексика ұлы» әңгімесі;
- 2) Нұрдәулет Ақыш «Нағыз әже қайда?» әңгімесі;

- 3) С.Торайғыров «Шығамын тірі болсам адам болып»;
- 4) «Шәкірт ойы» өлеңдері;
- 5) С.Мұратбеков «Жусан иісі» әңгімесі;
- 6) О. Бөкей «Тортай мінер ақбоз ат» әңгімесі;
- 7) С.Торайғыров «Шығамын тірі болсам адам болып»;
- 8) «Шәкірт ойы» өлеңдері;
- 9) С.Мұратбеков «Жусан иісі» әңгімесі;
- 10) О.Бөкей «Тортай мінер ақбоз ат» әңгімесі;
- 11) Қазтуған жырау «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы»;
- 12) Орхон-Енисей ескерткіштері «Күлтегін» жыры.

35. 8-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық мазмұны:

1) түсіну және жауап беру: жеке есту аппараты және стационарлы дыбысты күшейтетін құрылғы арқылы шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілер, эпилог, әдеби шығарманың мазмұнын ашу; көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездерді тану; көркем шығармалардан алған үзінділерді орынды қолдану;

2) анализ және интерпретация: композицияны тұтастан бөлшекке қарай талдау; автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін беру;

3) бағалау және салыстыру: шығарманың тақырыбы мен идеясы, тарихи және көркемдік құндылығы; шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстыру; шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғысы бағалау; шығармада жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, мұғалімнің көмегімен сыни пікір жазу.

36. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

- 1) «Қыз Жібек» жыры;
- 2) Жиёмбет жырау «Еңсегей бойлы Ер Есім»;
- 3) Ш. Қанайұлы «Зар заман»;
- 4) С. Аронұлы «Сүйінбайдың Қатағанмен айтысы»;
- 5) Ж. Жабаев «Июнь жарлығы»;
- 6) М. Жұмабаев «Батыр Баян»;
- 7) М. Әуезов «Көксерек»;
- 8) Қ. Қайсенов «Жау тылында»;
- 9) С. Сарғасқаев «Тәмпіш қара»;
- 10) М. Шаханов «Нарынқұм зауалы»;
- 11) Қ. Әбдіқадыров «Қажымұқан» хикаяты;
- 12) А. Алтай «Прописка» әңгімесі.
- 13) Қорқыт «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр»
- 14) Қорқыттың нақыл сөздері;
- 15) Ахмет Йассауи «Даналық кітабы»;
- 17) Ақтамберді Сарыұлы «Күлдір-күлдір кісінетіп»;
- 18) «Балаларыма өсиет» толғаулары.

37. 9-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық мазмұны:



1) түсіну және жауап беру: жеке есту аппараты және стационарлы дыбысты күшейтетін құрылғының көмегі арқылы әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау; әдеби шығармадағы психологизм; көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесі; көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;

2) анализ және интерпретация: эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдар; автор бейнесінің идеялық әрі стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөлі; шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлері, автор стилі; автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмысты мұғалімнің көмегімен жазу;

3) бағалау және салыстыру: шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстыру, тарихи және көркемдік құндылығын мұғалімнің көмегімен бағалау; шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра отырып мұғалімнің көмегімен талдау жасау.

38. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

- 1) Шалкиіз жырау «Би Темірге бірінші толғауы»;
- 2) М. Мөңкеұлы «Үш қиян»;
- 3) «Сарыарқа» өлеңдері;
- 4) Ш. Құдайбердіұлы «Еңлік- Кебек» дастаны;
- 5) М. Дулатов «Бақытсыз Жамал» романы;
- 6) Нысанбай жырау «Кенесары – Наурызбай»;
- 7) Махамбет Өтемісұлы «Махамбеттің Баймағамбетке айтқаны»;
- 8) «Мен, мен, мен едім»;
- 9) «Бағаналы терек»;
- 10) Ш. Уәлиханов «Ыстықкөл күнделігі»;
- 11) І. Жансүгіров «Құлагер» поэмасы;
- 12) Б. Момышұлы «Ұшқан ұя» әңгімесі;
- 13) Д. Исабеков «Әпке» драмасы;
- 14) М. Темірхан «Тәуелсізбін» өлеңі;
- 15) Т. Әбдіков «Қонақтар»;
- 16) А.С. Пушкин «Ескерткіш»;
- 17) «Дабыл» фантастикалық әңгімелері.

39. 10-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық мазмұны:

1) түсіну және жауап беру: жеке есту аппараты және стационарлы дыбысты күшейтетін құрылғының көмегі арқылы әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау; әдеби шығармадағы психологизм; көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесі; көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;

2) анализ және интерпретация: эпикалық, поэтикалық және драмалық мәтіндердегі композициялық амалдар; автор бейнесінің идеялық әрі стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөлі; шығармадағы әдеби тілді құбылту

мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлері, автор стилі; автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу;

3) бағалау және салыстыру: шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстыру, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; әдеби эссе жазу; әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдау, шағын сын мақала жазу.

40. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

- 1) Ф. Оңғарсынова «Өлең мен сені аялап өтем»;
- 2) «Жастарға» өлеңі;
- 3) М. Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы;
- 4) Т. Ахтанов «Күй аңызы» әңгімесі;
- 5) Ж. Сахиев «Айдағы жасырынбақ»;
- 6) Р. Мұқанова «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі;
- 7) Б. Майлин «Шұғаның белгісі» хикаят;
- 8) Ғ. Мүсірепов «Ұлпан» романы;
- 9) Т. Айбергенов «Сағыныш»;
- 10) Н. Айтұлы «Бәйтерек» поэмасы;
- 11) К. Гамсун «Аштық» романы.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

41. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, әріппен берілген белгі дағдыны (түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстыру), әріппен қоса берілетін сандар бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. 7.2.1.2 кодында: «7» – сынып, «2.1» – бөлімше, «2» – оқыту мақсатының реттік саны.

42. Оқу мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

- 1) 1- бөлім «Түсіну және жауап беру»:

1-кесте

Бөлімш елер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1 Көркем шығар маның мазмұн ы мен пішіні	5.1.1.1 әдеби шығарман ың жанрына қарай фабуласы	6. 1.1.1 әдеби шығарман ың жанрын, фабуласы н,	7.1.1.1 әдеби шығарма сюжетіні ң құрамдас бөлшект	8.1.1.1 әдеби шығарма ның жанрына байланыс ты	9.1.1.1 әдеби шығармағ а сюжеттік - композиц	10.1.1.1 әдеби шығармағ а сюжеттік - композиц

	мен сюжеттік дамуын сипаттау	сюжетін анықтау	ерін талдау	сюжеттік желілерін , эпилог, прологтарды анықтау	иялық талдау жасау	иялық талдау жасау
1.2 Әдеби шығарманың тұжырымдамасы	5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау	6.1.2.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру	7.1.2.1 әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау	8.1.2.1 әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу	9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау	10.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау
1.3 Көркем шығармадағы образ	5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу	6.1.3.1 әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау	7.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау	8.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу	9.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау	10.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау
1.4 Шығарма үзінділерімен жұмыс	5.1.4.1 жеке есту аппараты және стационарлы дыбысты күшейтетін құрылғының көмегі арқылы	6.1.4.1 жеке есту аппараты және стационарлы дыбысты күшейтетін құрылғының көмегі арқылы	7.1.4.1 жеке есту аппараты және стационарлы дыбысты күшейтетін құрылғының	8.1.4.1 жеке есту аппараты және стационарлы дыбысты күшейтетін құрылғының көмегі арқылы	9.1.4.1 жеке есту аппараты және стационарлы дыбысты күшейтетін құрылғының көмегі арқылы	10.1.4.1 жеке есту аппараты және стационарлы дыбысты күшейтетін құрылғының көмегі арқылы

	көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнгерлеп оқу, жатқа айту	көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнгерлеп оқу, жатқа айту	көмегі арқылы көркем шығарма дағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту	көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану	көркем шығармалардан алған үзінділерді шығарма шылық жұмыстарда қолдану	көркем шығармалардан алған үзінділерді шығарма шылық жұмыстарда қолдану
--	--	---	--	---	---	---

## 2) 2-бөлім «Анализ және интерпретация»:

## 2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
2.1 Әдеби шығарманың композициясы	5.2.1.1 әдеби шығарма дағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу	6.2.1.1 шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау	7.2.1.1 шығарма дағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру	8.2.11 композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшекте тұтасқа қарай талдау	9.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау	10.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау
2.2 Автор бейнесі	5.2.2.1 эпикалық шығарма дағы автор бейнесін анықтау	6.2.2.1 эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау	7.2.2.1 эпикалық, поэзиялық, драмалық шығарма дағы автор бейнесін анықтау.	8.2.2.1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау	9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау	10.2.2.1 автор бейнесінің идеялық стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау

					жасау	жасау
2.3 Көркем шығар маның тілі	5.2.3.1 шығарма дағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдар ының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынада ғы сөздер, қайталау, өлең құрылыс ы) мағынасы н анықтау	6.2.3.1 шығарма дағы көркем ауыстыру ларды(тр оптарды: метафора, кейіптеу, метоними я, гипербол а, литота, аллегория , антитеза, градация, арнау) анықтау	7.2.3.1 шығарма дағы көркемде гіш құралдар дың (символ, синекдох а, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитера ция, ассонанс, риторика лық сұрақ) қолданыс ын талдау	8.2.3.1 шығарма дағы көркемде гіш құралдар дың (психолог иялық параллел изм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданыс ын талдай отырып, автор стилін анықтау	9.2.3.1 шығарма дағы әдеби тілді құбылту мен айшықтау дың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру	10.2.3.1 шығарма дағы әдеби тілді құбылту мен айшықтау дың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру
2.4 Шығар машыл ық жұмыс	5.2.4.1 көркем шығарма дан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу	6.2.4.1 әдеби көркемде гіш құралдар ды пайдалан ып шығарма дағы табиғат көрінісі, оқиға орны, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу	7.2.4.1 шығарма дағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысы нан дамытып жазу	8.2.4.1 шығарма дан алған үзінділер ді қайта өңдеп креативті жазу	9.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығарма шылық жұмыс жазу	10.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығарма шылық жұмыс жазу

3) 3-бөлім «Бағалау және салыстыру»:  
3-кесте

Бөлімш елер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
3.1 Тарихи және көркем дік құндыл ығы	5.3.1.1 шығарма дағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау.	6.3.1.1 шығарма дағы кейіпкерл ерді өзара салыстыр а отырып, тарихи және көркемді к құндылығына баға беру	7.3.1.1 кейіпкерл ердің іс- әрекеті мен автор берген портретті к мінездем ені салыстыр ып, тарихи және көркемді к құндылығына баға беру	8.3.1.1 шығарма ның тақырыб ы мен идеясын осы тектес басқа шығарма лармен салыстыр ып, тарихи және көркемді к құндылығын бағалау	9.3.1.1 шығарма ны басқа өнер түрлерінд егі осы мазмұнда с туындыла рмен салыстыр ып, тарихи және көркемді к құндылығын бағалау	10.3.1.1 шығарма ны басқа өнер түрлерінд егі осы мазмұнда с туындыла рмен салыстыр ып, тарихи және көркемді к құндылығын бағалау
3.2 Замана уилығ ы мен жаңаш ылдығ ы	5.3.2.1 кейіпкерл ерді шынайы өмірмен салыстыр ып бағалау	6.3.2.1 кейіпкерл ер жүйесінің заманауи жаңашыл дығын өзара салыстыр ып баға беру	7.3.2.1 әдеби жанр түрлеріні ң даму барысына , жаңашыл дығына заманауи тұрғыдан баға беру	8.3.2.1 шығарма дағы материал дық және рухани құндылы қтарды заманауи тұрғыда салыстыр ып, жаңашыл дығына баға беру	9.3.2.1 шығарма дағы ұрпақтар сабақтаст ығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстыр ып, жаңашыл дығына баға беру	10.3.2.1 шығарма дағы ұрпақтар сабақтаст ығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстыр ып, жаңа шылдығы на баға беру
3.3 Әдеби эссе	5.3.3.1 шығарма дағы	6.3.3.1 шығарма дағы	7.3.3.1 шығарма ны	8.3.3.1 шығарма ның	9.3.3.1 шығарма ның	10.3.3.1 шығарма ның

	кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу	идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу	идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу
3.4 Әдеби сын	5.3.4.1 оқырманның рухани дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу	6.3.4.1 шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау	7.3.4.1 әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу	8.3.4.1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу	9.3.4.1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілері мен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазу	10.3.4.1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілері мен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазу

43. Осы Бағдарлама есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

44. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар

1) 5-сынып:

1-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Бөлімдер	Оқыту мақсаттары
<b>1-тоқсан</b>			
Таза, мінсіз асыл сөз	«Керкұла атты Кендебай» ертегісі, «Қобыланды батыр» жыры, Асан қайғы «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы	Түсіну және жауап беру	5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау; 5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау; 5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу; 5.1.4.1 көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту;
		Анализ және интерпретация	5.2.1.1 әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу; 5.2.2.1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау; 5.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау; 5.2.4.1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу;
		Бағалау және салыстыру	5.3.1.1 шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау; 5.3.2.1 кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау;
<b>2-тоқсан</b>			
«Тәрбиенің	Дулат	Түсіну және	5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына



қайнар бұлағы»	Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас» , Ыбырай Алтынсарин «Қыпшақ Сейітқұл», «Атымтай Жомарт», «Дүние қалай етсең табылады?»	жауап беру	қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау; 5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау; 5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу; 5.1.4.1 көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту;
